



2003 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы (Қазақстан Республикасының Парламенті Шаруашылық басқармасы)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 29 желтоқсан N 1429.

РҚАО-ның ескертуі: P021429 қаулысын қараңыз.

"Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 10, 11, 12, 13, 14, 15-қосымшаларға сәйкес Қазақстан Республикасының Парламенті Шаруашылық басқармасының 2003 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламаларының паспорттары бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына
10-қосымша

Қазақстан Республикасы
Парламентінің Шаруашылық басқармасы
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі
001 "Әкімшілік шығыстар"
республикалық бюджеттік бағдарламасының
2003 жылға арналған
ПАСПОРТЫ

1. Құны: 1 339 500 мың теңге (бір миллиард үш жүз отыз тоғыз миллион бес жүз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "2003 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасы 2002 жылғы 12 желтоқсандағы Заңының 1-бабы ; "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі Заңының 21, 22, 23, 24 және 25-баптары ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы" 1995 жылғы 16 қазандағы N 2529 Конституциялық Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджет есебінен қамтылған органдары қызметкерлеріне еңбек ақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы" 2001 жылғы 25 наурыздағы N 575 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан

Республикасының мемлекеттік органдары жүйесін одан әрі оңтайландыру жөніндегі шаралар туралы" 1999 жылғы 22 қаңтардағы N 29 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы бекіткен "Қазақстан Республикасы Парламентінің Шаруашылық басқармасы туралы" 2000 жылғы 29 қарашадағы N ІБ 01/42 ереже.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Жүктелген функцияларды барынша тиімді орындауға қол жеткізу үшін Қазақстан Республикасы Парламентінің қызметін қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан Республикасының Парламентін ұстау.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

Рет!Бағ. !Кіші !Бағдарлама.!Бағдарламаны !Жүзеге ! Жауапты
са.!дар. !бағ. !ның (кіші !(кіші !асыру !орындаушылар
ны !лама.!дар. !бағдарлама.!бағдарламаны) !мерзім.!
N !ның !лама.!ның) атауы !іске асыру !дері !
!коды !ның ! !жөніндегі ! !
! !коды ! !іс-шаралар ! !

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

1 001 Әкімшілік
шығыстар
001 Орталық Қазақстан Жыл Қазақстан
органның Республикасы бойы Республикасы
аппараты Парламентінің 116 Парламентінің
депутатын, Сенат Шаруашылық
пен Мәжілістің басқармасы
357 қызметкерін,
Шаруашылық
басқармасының 29
қызметкерін ұстау

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Қазақстан Республикасы Парламентінің Шаруашылық басқармасына жүктелген функцияларды сапалы және уақтылы орындау.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің

2002 жылғы 29 желтоқсандағы

№ 1429 қаулысына

11-қосымша

Қазақстан Республикасы

Парламентінің Шаруашылық басқармасы

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

010 "Кадрлардың біліктігін арттыру және оларды қайта даярлау"

республикалық бюджет бағдарламасының

2003 жылға арналған

ПАСПОРТЫ

1. Құны: 2 177 мың теңге (екі миллион жеті жүз жетпіс жеті мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасы 1999 жылғы 23 шілдедегі Заңының 3-бабы ; Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы бекіткен "Қазақстан Республикасы Парламентінің Шаруашылық басқармасы туралы" 2000 жылғы 29 қарашадағы № ИБ 01/42 ереже.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: өз лауазымдық міндеттерін тиімді орындау және кәсіби шеберлікті жетілдіру үшін қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес кәсіби қызмет саласындағы білім беру бағдарламалары бойынша теориялық және практикалық білімді, шеберлік мен дағдыларды жаңарту.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: мемлекеттік қызметшілердің кәсіби біліктілігін арттыру.

6. Бюджеттік бағдарламаларды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

Рет!Бағ. !Кіші !Бағдарлама.!Бағдарламаны !Иске ! Жауапты
са.!дар. !бағ. !лардың !(кіші !асыру !орындаушылар
ны !лама.!дар. !(кіші бағ. !бағдарламаны) !мерзім.!
№ !ның !лама.!дарламалар.!іске асыру !дері !
!коды !ның !дың) атауы !жөніндегі !!
! !коды ! !іс-шаралар ! !

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

1 010 Кадрлардың
біліктілігін
арттыру
және оларды

қайта

даярлау.

005 Мемлекеттік Біліктілікті Жыл Қазақстан

қызметші. арттырудың бойы Республикасы

лердің бекітілген Парламентінің

біліктілі. жоспарына сәйкес Шаруашылық

гін арттыру мемлекеттік басқармасы

қызметшілердің

біліктілігін

арттыру бойынша

көрсетілетін

қызметтерді сатып

алу, соның ішінде

мемлекеттік тілді

оқыту.

Тыңдаушылардың

саны 386.

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: аппараттардың мемлекеттік қызметшілерінің біліктілігін арттыру; оқытудың және біліктілікті арттырудың жүйесін жетілдіру нәтижесінде мемлекеттік аппараттар жұмысының тиімділігі, мемлекеттік қызметшілердің кәсібилігі мен құзырлығы артады. Іс-шаралар оқытуды аппараттардың нақты қажеттіліктеріне және әртүрлі лауазым санаттарының біліктілік талаптарына сәйкес жаңа сапалы деңгейге көтеруге мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2002 жылғы 29 желтоқсандағы

№ 1429 қаулысына

12-қосымша

Қазақстан Республикасы

Парламентінің Шаруашылық басқармасы

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

034 "Литерлік рейстерді қамтамасыз ету"

республикалық бюджет бағдарламасының

2003 жылға арналған

ПАСПОРТЫ

1. Құны: 57 100 мың теңге (елу жеті миллион бір жүз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі:

Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "2003 жылға арналған республикалық бюджет туралы" 2002 жылғы 12 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабы ; "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасының кейбір мәселелері туралы" 2000 жылғы 21 сәуірдегі N 378 Жарлығы , "Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 16 қазандағы N 2529 Конституциялық заңы , Қазақстан Республикасының Парламенті Палаталарының 1996 жылғы 20 мамырдағы бірлескен отырысында қабылданған Қазақстан Республикасы Парламентінің Регламенті .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Парламент Палаталарының төрағалары басқарған Қазақстан Республикасының Парламенті делегацияларының үздіксіз жүріп тұруы үшін жағдайлар жасау.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Парламент Палаталарының төрағалары басқарған Қазақстан Республикасы Парламентінің делегацияларын әуе көлігімен қамтамасыз ету.

6. Бюджеттік бағдарламаларды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

Рет!Бағ. !Кіші !Бағдарлама.!Бағдарламаны !Иске ! Жауапты
са.!дар. !бағ. !лардың !(кіші !асыру !орындаушылар
ны !лама.!дар. !(кіші бағ. !бағдарламаны) !мерзім.!
N !ның !лама.!дарламалар.!іске асыру !дері !
!коды !ның !дың) атауы !жөніндегі !!
! !коды ! !іс-шаралар ! !

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

1 034 000 Литерлік Шартқа сәйкес он Жыл Қазақстан
рейстерді чартерлік рейс бойы Республикасы
қамтамасыз ұйымдастырғаны Парламентінің
ету үшін көліктік Шаруашылық
қызметтерге ақы басқармасы
төлеуді жүргізу.

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: чартерлік рейстерді орындау.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына
13-қосымша

ЕСКЕРТУ. Қосымшаға өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 04 желтоқсандағы N 150аа қаулысымен .

Қазақстан Республикасы
Парламентінің Шаруашылық басқармасы
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі
**035 "Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары
бастамашылық жасайтын заң жобаларын әзірлеу және
оларға сараптама жүргізу" республикалық бюджет
бағдарламасының 2003 жылға арналған
ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 50 000 мың теңге (елу миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "2003 жылға арналған республикалық бюджет туралы" 2002 жылғы 12 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабы ; "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңы; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасының кейбір мәселелері туралы" 2000 жылғы 21 сәуірдегі N 378 Жарлығы , "Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 16 қазандағы N 2529 Конституциялық заңының 15-бабы , Қазақстан Республикасының Парламенті Палаталарының 1996 жылғы 20 мамырдағы бірлескен отырысында қабылданған Қазақстан Республикасы Парламентінің Регламенті .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасының заңдарын жетілдіру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан Республикасының депутаттары бастамашылық жасайтын заң жобаларын әзірлеу, заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу, заң шығарушылық қызмет саласында, зерттеулер жүргізу, халықаралық қатынастар мәселелері бойынша халықаралық форумдар өткізу. <*>

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

Рет!Бағ. !Кіші !Бағдарлама.!Бағдарламаны !Іске ! Жауапты
са.!дар. !бағ. !лардың !(кіші !асыру !орындаушылар

ны !лама.!дар. !(кіші бағ. !бағдарламаны) !мерзім.!
N !ның !лама.!дарламалар.!іске асыру !дері !
!коды !ның !дың) атауы !жөніндегі !!
! !коды ! !іс-шаралар ! !

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

1 035 000 Қазақстан Заң жобаларын Жыл Қазақстан Республикасы әзірлеу жөніндегі бойы Республикасы Парламентінің қызметтерге ақы Парламентінің депутаттары төлеу; заң шығару Шаруашылық бастамашылық қызметі практикасы басқармасы жасайтын заң бойынша зерттеу жобаларын материалдарын әзірлеу және дайындау; заң оларға жобаларын әзірлеу сараптама мәселелері бойынша жүргізу. ғылыми конференциялау, семинарлар, дөңгелек үстелдер және тұрақты комитеттердің көшпелі отырыстары мен парламенттік тыңдаулар өткізу; заңнамалық ретте проблемалары бойынша әлеуметтік және сараптамалық сауалнамада жүргізу; заңдарды үйлестіру бойынша халықаралық форумдар өткізу. <*>

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары бастамашылық жасайтын заң жобаларын әзірлеуді қамтамасыз ету, заң шығарушылық қызмет саласында зерттеулер жүргізуді қамтамасыз ету, халықаралық қатынастар мәселелері бойынша халықаралық форумдар өткізуді қамтамасыз ету. <*>

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің

2002 жылғы 29 желтоқсандағы

№ 1429 қаулысына

14-қосымша

ЕСКЕРТУ. Қосымша өзгерді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 01 шілдедегі № 150г қаулысымен.

Қазақстан Республикасы

Парламентінің Шаруашылық басқармасы

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

036 "Парламенттік Ассамблеяның Трансазиаттық форумын өткізу"

республикалық бюджет бағдарламасының

2003 жылға арналған

ПАСПОРТЫ

1. Құны: 47000 мың теңге (қырық жеті миллион теңге). <*>

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "2003 жылға арналған республикалық бюджет туралы" 2002 жылғы 12 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабы, Қазақстан Республикасы басшылығының шешімі.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары бойынша кеңес идеяларын Парламентаралық диалог тетіктерімен толықтыру бөлігінде дамыту, дүние жүзілік қоғамдастыққа Қазақстанның рөлі мен мәнділігін көрсету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Еуразия кеңістігінде диалогты қалыптастыру, аймақтағы қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

Рет!Бағ. !Кіші !Бағдарлама.!Бағдарламаны !Иске ! Жауапты

са.!дар. !бағ. !лардың !(кіші !асыру !орындаушылар

ны !лама.!дар. !(кіші бағ. !бағдарламаны) !мерзім.!

№ !ның !лама.!дарламалар.!іске асыру !дері !

!коды !ның !дың) атауы !жөніндегі !!

! !коды ! !іс-шаралар ! !

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

1 036 Парламенттік Парламенттік Жыл Қазақстан
Ассамблеяның Ассамблеяның бойы Республикасы
Трансазиаттық Трансазиялық Парламентінің
форумын форумын өткізу Шаруашылық

өткізу байланысты басқармасы
қызметтер көрсету
мен іссапар шығыстарын
төлеу

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Қазақстанның әлемдік сахнадағы беделі мен рөлін арттыру.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына
14-1-қосымша

ЕСКЕРТУ. 14-1 Қосымшамен толықтырылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 01 шілдедегі N 150г қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. Қосымшаға өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 04 желтоқсандағы N 150аа қаулысымен .

Қазақстан Республикасы
Парламентінің Шаруашылық басқармасы

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

200 "Депутаттардың қызметтік тұрғын үйлеріне жиһаз сатып алу" республикалық бюджет бағдарламасының 2003 жылға арналған

ПАСПОРТЫ

1. Құны: 18 250 мың теңге (он сегіз миллион екі жүз елу мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "2003 жылға арналған республикалық бюджет туралы" 2002 жылғы 12 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабы ; "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңы ; "Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 16 қазандағы N 2529 Конституциялық Заңының 30-бабы ; Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы бекіткен "Қазақстан Республикасы Парламентінің Шаруашылық басқармасы туралы" 2000 жылғы 29 қарашадағы N ІБ 01/42 ереже.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Депутаттардың қызметтік пәтерлеріндегі жиһаз бен тұрмыстық техниканы ішінара жаңарту.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Депутаттардың қызметтік пәтерлеріндегі жиһаз бен тұрмыстық техниканы ішінара жаңарту.

6. Бюджеттік бағдарламаларды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

Рет |Бағдар.|Кіші |Бағдарла.| Бағдарламаны (кіші | Іске | Жауапты
саны|ламаның|бағ. | маның | бағдарламаны) іске |асыру.|атқарушылар
N | коды |дар. | (кіші | асыру жөніндегі | дың |
	лама.	бағдарла.	іс-шаралар	мер.
	ның	малардың)		зім.
	коды	атауы		дері

1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7

1 200 "Депутат. 20 тоңазытқыш, 40 Жыл Қазақстан
тардың кір жуу машинасы, 81 бойы Республикасы
қызметтік шаң сорғыш, 10 Парламент.
тұрғын электроплитасы, 60 інің Шаруа.
үйлеріне микротолқынды пеш, шылық
жиһаз 25 керует, 100 ас үй басқармасы
сатып үстелі, 150 орындық,
алу" 20 телевизор, 20
компьютер қоятын
үстел, 80 киім ілетін
шкаф, 20 кітап шкафы,
10 жұмсақ жиһаз жиын-
тығы, 33 диван, 114
телевизор қоятын тумба,
20 жиналмалы үстел,
89 жартылай жұмсақ
орындық, 114 комод
сатып алу. <*> -----

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Депутаттардың қызметтік пәтерлері үшін жарамсыз күйге келген тұрмыстық техникамен жиһаздарды ішінара жаңарту.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына
15-қосымша

ЕСКЕРТУ. Қосымшаға өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 04 желтоқсандағы N 150аа қаулысымен .

Қазақстан Республикасы

Парламентінің Шаруашылық басқармасы

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

600 "Қазақстан Республикасы Парламентін есептеу және

ұйымдастыру техникасымен қамтамасыз ету"

республикалық бюджеттік бағдарламасының

2003 жылға арналған

ПАСПОРТЫ

1. Құны: 70 000 мың теңге (жетпіс миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "2003 жылға арналған республикалық бюджет туралы" 2002 жылғы 12 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабы ; "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңы; Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік аппарат жұмысын жақсарту бюрократизмге қарсы күрес және құжат айналымын қысқарту жөніндегі шаралар туралы" 2000 жылғы 31 шілдедегі N 427 Жарлығы ; "Мемлекеттік органдарды ақпараттандыру мәселелері туралы" ҚР Үкіметінің 2000 жылғы 10 қазандағы N 1501 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының Ұлттық ақпараттық инфрақұрылымын қалыптастырудың және дамытудың 2001-2003 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" ҚР Үкіметінің 2001 жылғы 21 мамырдағы N 674 қаулысы ; Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы бекіткен "Қазақстан Республикасы Парламентінің Шаруашылық басқармасы туралы" 2000 жылғы 29 қарашадағы N ІБ 01/42 ереже.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар негізінде Қазақстан Республикасы Парламентінің заң шығару және ұйымдастыру қызметінің тиімділігі мен сапасын арттыру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: техникалық және моральдық жағынан ескірген компьютерлік техниканы жаңғырту, қосымша ұйымдастыру техникасын сатып алу; заңдық, ұйымдастырушылық, статистикалық, талдаушылық және басқа да қажетті ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз ету, сондай-ақ жоғарыда ақпарат түрлері бойынша ақпараттық ресурстардың қорын жасау үшін ақпараттық қызметтер мен жабдықтарды сатып алу; қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды (бағдарламалық-ақпараттық) сатып алу негізінде Парламенттің ақпараттық-есептеу желісін дамыту және қорғау; "Қазақстан Республикасы Парламентінің мониторингі" автоматтандырылған жүйесін құру бойынша жобалау жұмыстарын жүргізу үшін

қызметтерді сатып алу (техникалық міндетті зерттеу мен беру) 2001 жылы Парламент санының ұлғаюына байланысты аппарат қызметкерлерін байланыспен, компьютерлермен және басқа да ұйымдастыру техникасымен жете жабдықтау, сондай-ақ Парламенттің ақпараттық жүйелерін дамыту үшін қосымша жабдықтар сатып алу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

Рет!Бағ. !Кіші !Бағдарлама.!Бағдарламаны !Иске ! Жауапты
са.!дар. !бағ. !лардың !(кіші !асыру !орындаушылар
ны !лама.!дар. !(кіші бағ. !бағдарламаны) !мерзім.!
N !ның !лама.!дарламалар.!іске асыру !дері !
!коды !ның !дың) атауы !жөніндегі !!
! !коды ! !іс-шаралар !!

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

1 600 Қазақстан 1. Қазақстан Жыл Қазақстан
Республика. Республикасының бойы Республикасы
сының Парламентін Парламентінің
Парламентін компьютерлік және Шаруашылық
есептеу және ұйымдастырушылық басқармасы
ұйымдастыру техникамен
техникасымен жарақтандыру:

қамтамасыз 150 компьютер,

ету 150 принтер,

сканерлеуге

арналған 9

кұрылғы, 40

теледидар мониторын

сатып алу.

2. Қазақстан

Республикасы

Парламенті

ақпараттық

ресурстарының

қорын жаңғырту:

1 жинақталымнан

жаңғырту жөніндегі

арнайы

бағдарламалық
қамтамасыз ету
жөніндегі қызмет
көрсетулерді сатып
алу: қызметтік
шығыс хат-хабарлар
мен арнаулы
құжаттар бойынша,
заң шығармашылығы
қызметі бойынша;
ақпараттық-талдау
қызметі бойынша.
Ақпараттық
қалыптастыру үшін
конгресс-жүйелер
жабдығының бір
жинақталымымен
деректер базасының
бір серверін
сатып алу.

3. "Қазақстан
Республикасы
Парламентінің
мониторингі"
автоматтандырылған
жүйесін құру:
жобалау жұмыстарын
(техникалық міндетті
зерттеу мен әзірлеу)
орындау бойынша
көрсетілетін
қызметтерді сатып
алу.

4. Қазақстан
Республикасы
Парламентінің
ақпараттық-есептеу
желісін дамыту:
үздіксіз

қоректендіру
көздерімен және
жарақтармен қоса
2 сервер жиынтығын
сатып алу NetWare
6 (6 компонент
құрамында)
бағдарламалық
өніміне әр
компонент бойынша
93 мөлшерінде
лицензия сатып алу
және 2 маманды
олармен жұмыс
істеу үшін оқыту;
WINDOWS NT 2000
advanced server
(WINDOWS NT)
лицензиялық
бағдарламалық
өнімін, Delphi ver.
6.0. with
components және
visual studio ver.
6.0. interprise
edition құрал-
саймандық
бағдарламалық
қамтамасыз ету
жиынтығын сатып
алу; желілерді
ақпараттық қорғау
үшін RealSecure
Network Sensor
1 сегмент, Webshield
E250 Appliance Perp'I
licenct No Support
51-100 бағдарламалық
өнімдерін сатып алу

және олармен жұмыс
істеу үшін 1
маманды оқыту;
желілерді вирустан
қорғау үшін
(493 лицензия)
вирустан қорғау
дербес бағдарламалық
құралдарын сатып
алу, желіні
монтаждау мен
ретке келтіру
үшін құрал-
саймандардың 1
жиынтығын сатып алу.

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: қазіргі заманғы деңгейде жаңартылған компьютерлер мен ұйымдастыру техникасының паркі (2003 жылы қажетті мөлшерде), Парламенттің заң шығармашылығы мен ұйымдастырушылық қызметі үшін қажетті ақпаратқа қолжетімділік, "Қазақстан Республикасы Парламентінің мониторингі" автоматтандырылған жүйесін жобалау үшін техникалық міндет, желінің орнықты, сенімді жұмысы. Осының бәрі Қазақстан Республикасы Парламенті қызметінің сапасы мен тиімділігін арттыру үшін жасалған жағдайлардың бірі болмақ.